

1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 ақпан N 173

1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алу Бағдарламасы мақұлданын (1 қ о с ы м ш а) .

2. Мемлекеттің азық-түлік контракт корпорациясына 1996 жылғы егіннен мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу үшін жалпы сомасы 165 миллион АҚШ долларына пара-пар вексель эмитенті ретінде іс-әрекет етуге және вексельдерді қамтамасыз ету ретінде өткен жылғы егіннің мемлекеттік ресурстағы 1 миллион тонна тағамдық астығын пайдалануға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып (келісімі бойынша) қаржы операторы ретінде 1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алу жөніндегі вексельдік бағдарламаға қатысу құқығына ие болу үшін үстіміздегі жылдың ақпан айында екінші дәрежелі банктер арасында тендер өткізсін және оның жеңімпазын (жеңімпаздарын) белгілесін.

Аталған тендерді өткізу жөніндегі Республикалық комиссияның құрамы бекітілсін (2 қ о с ы м ш а) .

4. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының мемлекеттік ресурстар астықтарын өткізуден түскен таза пайдасы есебінен құралатын қаржылық резерв қоры және Корпорацияның Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 509 өкіміне сәйкес жүргізген астық қалдықтарын қайта бағалау сомалары, сондай-ақ республикалық бюджеттің 1996 жылға мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу үшін көзделген қаржылары вексельдік кредитті өтеу көздері болып табылады деп белгіленсін.

5. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы вексельдік кредиттер беруді тең үлестермен (50 процент бойынша), екі мерзімде, 1996 жылдың ақпан және маусым айларында жүзеге асырады деп белгіленсін. Вексельдер-алынған мұнай өнімдеріне, техникаларға, жабдықтарға, босалқы бөлшектерге, тұқымдарға, тыңайтқыштар мен химиялық өсімдік қорғау құралдарына тұтынушылар мен өнім берушілер арасында есеп айырысу үшін, электр энергиясына, ауыл шаруашылығына көліктік және басқа қызметке төлем жасау үшін пайдаланады. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері алынған вексельдерге бірінші кезекте шартта белгіленген номенклатура мен көлемдерде мемлекеттік ресурстарға астық беруді қамтамасыз етеді.

6. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы дайындау мекемелері (астық компаниялары, акционерлік қоғамдар, астық қабылдау кәсіпорындары) арасында конкурстық негізде биржа арқылы 1996 жылдың егінінің сатып алу көзделген астық көлемдерін орналастыруды қамтамасыз етсін.

Облыс әкімдері мемлекеттік ресурстарға астық беруге биржаларда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен шарт жасап, оларды биржаларда тіркеу жөнінде дайындау мекемелеріне жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу жөніндегі Бағдарламаны жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын тиісті шешімдерді қабылдау ұсынылсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі кәсіпорындарда жоғарыда аталған вексельдердің бухгалтерлік есепке алу тәртібін әзірлеп, бекітетін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 7 а қ п а н д а ғ ы
N 1 7 3 қ а у л ы с ы н а

1 қосымша

1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алу
Бағдарламасы

1. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы (бұдан әрі - Корпорация) 1996 жылғы егіннен мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу жөніндегі вексельдік бағдарламаны жүзеге асыру үшін 165 миллион АҚШ долларына пара-пар сомаға мемлекеттік ресурстан өткен жылдарғы егіннің 1 миллион тонна тағамдық астығын п а й д а л а н а д ы .

2. 3 сыныпты жұмсақ бидайдың сатып алу бағасының ең төмен деңгейі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен, үстеме құнға салықты есептей отырып, АҚШ-тың 120 долларынан кем болмайтындай мөлшерге және дайындаушылардан бидайды сақтауға қойған кездегі АҚШ-тың 135 долларынан жоғары емес мөлшерге п а р а - п а р с о м а д а б е л г і л е н е д і .

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісім бойынша басқа да дақылдардың, соттар мен өзге де сапалы астықтардың сатып алу бағаларын белгілейді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының облыстары бойынша 1996 жылдың егінінен мемлекеттік ресурстарға Корпорация арқылы тағамдық астық сатып алу жөніндегі ниеті:

А қ м о л а

- 2 0 0 м ы ң т о н н а

Ақтөбе	- 50 мың тонна
Батыс Қазақстан	- 50 мың тонна
Көкшетау	- 150 мың тонна
Қостанай	- 290 мың тонна
Солтүстік Қазақстан	- 150 мың тонна
Торғай	- 180 мың тонна
Алматы	- 10 мың тонна (ақталмаған күріш)
Қызылорда	- 20 мың тонна (ақталмаған күріш)
Барлығы:	1100 мың тонна

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (келісімі бойынша) бірлесе отырып қаржы операторы ретінде мемлекетке астық сатып алу жөніндегі вексельдік бағдарламаға қатысу құқығына ие болу үшін банктер арасында тендер өткізеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі тендер өткізу жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді.

Комиссия бір апта мерзім ішінде екінші дәрежелі банктер арасында тендер өткізу ережесін жасап, бекітеді және олардың арасында тендер туралы ақпарат хабар таратады.

Корпорация тендер жеңімпазы болған банкпен вексельдерді есепке алуды жүргізуге ш а р т ж а с а й д ы .

5. Корпорация Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен вексельдер шығару құқына лицензия алады және оларды дайындауға Бағалы қағаздар фабрикасымен шарт ж а с а й д ы .

Вексельдер екі аралықпен: біріншісі - 1996 жылдың ақпанында вексельдік кредиттің жалпы сомасының 50 процентіне және үстіміздегі жылдың маусымында - 50 п р о ц е н т і н е ш ы ғ а р ы л а д ы .

6. Корпорация жергілікті атқарушы өкіметтің жәрдемімен 1996 жылдың ақпан айында мемлекеттік ресурстарға астық жеткізіп беруге биржаларда тіркеуден өткізе отырып, конкурстық негізде дайындау ұйымдарымен (астық компанияларымен, акционерлік қоғамдармен, астық қабылдау кәсіпорындарымен) контракт жасауды ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Дайындау мекемелері осы Бағдарламаның 2 тармағында көрсетілген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 маусымдағы N 815 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік астық ресурстары туралы Ережесіне сәйкес, мемлекеттік ресурстарға астық жеткізіп беру үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен шарт жасайды. Бұл орайда мемлекеттік ресурстарға астық жеткізіп беру көлемдері нақты шаруашылықта оны өндірудің жалпы көлемінің 25 процентінен аспауы тиіс. Бұл көлем тауар өндірушінің өзінің мүдделі өтініші барысында және дайындаушының төлем мүмкіндігі болғанда ұлғайтылуы

м ү м к і н .

Дайындау ұйымдары мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері жасалған контрактқа сай міндеттемелердің орындалуына мүлік кепілімен, жер және басқа активтерді пайдалану құқығы бойынша кепілдік береді.

7 . К о р п о р а ц и я :

вексельдерді дайындау мекемелеріне бере отырып, кейіннен оларды жасалған контракттарға сәйкес ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне беруді;

берілген вексельдердің айналымына және олардың мақсатты пайдаланылуына б а қ ы л а у ж а с а у д ы ;

шарттардың жасалу барысы туралы күн сайын ақпараттар жинауды және келешекте астық жеткізіп беруге контракт жасаған әрбір дайындау ұйымдарынан мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуды ;

мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу жөніндегі вексельдік бағдарламаларды орындаудың түпкілікті қорытындыларын шығаруды қамтамасыз етеді.

8. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері астық өндіруге қажетті материалдық-техникалық ресурстар мен көрсетілген қызметтер үшін вексельдер арқылы өнім берушілермен есеп айырысады.

Өнім берушілер вексель үшін материалдық-техникалық ресурстарды беруді жүзеге асырады, оларды банкке есеп беруге көрсетеді, сондай-ақ олар арқылы аралас өнім берушілермен олардың көрсеткен қызметтері үшін және басқа кредиторлармен есеп а й ы р ы с а д ы .

Банктер вексельдерді шығарылғаннан үш айдан кем емес уақыт өткен соң ғана қ а б ы л д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Банктер вексельдерді кредит беру кезінде кепіл ретінде пайдалана алады.

9. Контракт жасаған және вексель алған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, бірінші кезекте, контрактта көрсетілген номенклатура мен көлемдерде астық өндірген дайындау ұйымдарымен есеп айырысады.

10. Дайындау мекемелері астықты сатып алу аяқталғаннан кейін оны белгіленген ретпен, алынған вексельдерді өтеу тәртібімен, контрактта көрсетілген баға бойынша К о р п о р а ц и я б а л а н с ы н а б е р е д і .

11. Вексельдік кредиттерді өтеу 1997 жылғы 1 маусымға дейін Корпорацияның қаржылық резерв қоры мен мемлекеттік ресурстарға және басқа да көздерге астық сатып алу үшін 1996 жылдың республикалық бюджетінде көзделген қаржылар есебінен жү з е г е а с ы р ы л а д ы . < * >

Қаржылық резерв қоры-вексельдерді қамтамасыз ету ретінде көзделген 1 миллион тонна астықты, мемлекеттік ресурстың басқа да астығын сатудан түскен Корпорацияның таза пайдасы және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 509 өкіміне сәйкес, өткен жылдар егіні астығының қалдықтарын Корпорация жүргізген қайта бағалау сомалары есебінен қалыптасады.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1997.03.17. N 327 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 7 ақпандағы
N 173 қаулысына

2 қосымша

1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алу жөніндегі вексельдік бағдарламаның эмитенті мен қаржы операторын белгілеу үшін банктер арасында тендер өткізетін республикалық комиссияның

Құрамы

Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, комиссия

төрағасы

Комиссия мүшелері:

Крещик В.А. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Нарықтық құрылымдарды болжау және жетілдіру бас басқармасының

бастығы

Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің

орынбасары

Садықов Б.С. - Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының президенті

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісімі

бойынша)